2025 жылғы қаңтар-мамырдағы химия өнеркәсібі

2025 жылғы қаңтар-мамырда ҚР СЖРА ҰСБ жедел деректеріне сәйкес **өндіріс көлемі** құндық мәнде **660,8 млрд. теңгені құрады,** бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда **69,3%** артық.

Химиялық өнім өндірісінде негізгі үлесті өзге бейорганикалық заттар – 42,2%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 15,8%, бастапқы нысандардағы пластмассалар – 13,2%, бояғыштар мен пигменттер – 9,8%, өзге де химиялық өнімдер – 4,6%, өнеркәсіптік газдар – 3,9%, пестицидтер және өзге де агрохимия – 3,0%, өзге де негізгі органика– 2,9%, ЛБМ – 2,9%, сабын мен жуғыш, тазартқыш және жылтыратқыш заттар– 1,1% құрайды.

Нақты көлем индексі **109,8 %** құрады. Өсудің негізгі себебі өндіріс көлемінің ұлғаюы *(ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс, пластмасса бұйымдары өндірісі және т.б.)* болып табылады. Заттай мәнде **өндіріс көлемінің ең үлкен өсуін** мынадай тауарлар көрсетеді: хром троксиді (+32,6%), цементтерге, құрылыс немесе бетон ерітінділеріне арналған қоспалар *(+26,8%)*, этил спирті *(+13,1%),* каустикалық сода (12,6%), хлор (+8,6%), аммиак (+7,6%), күкірт қышқылы (+6,5%), полимерлерге негізделген бояулар мен лактар (+6,3%), тұз қышқылы (+1,4%),

2025 жылғы **қаңтар-сәуірде** құндық мәнде химиялық өнімнің **экспорты 797,3 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 31,3% жоғары. Экспорттың негізгі елдері: **Ресей** (26,3%), **Қытай** (24%), **Гонконг** (6,1%),

Химия өнеркәсібі өнімдерінің **импорты 2025 жылғы қаңтар-сәуірде 1 541,5** млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 9,7% жоғары. Негізгі импорттаушы елдер: **Ресей** (37,8%), **Қытай** (18,4%), **Германия** (4,8%).

2025 жылғы **қаңтар-сәуірде** химиялық өнім түрлері **нарығының көлемі 1 776,4 млн. АҚШ долларын** құрады (*907,5 млрд. теңге*), бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 19,7% жоғары. Нарықтың өсуіне өндіріс көлемінің айтарлықтай өсуі (+50,5%) және импорттың салыстырмалы түрде аз өсуі (+9,7%) әсер етті. Бұл ретте, талданатын кезеңдегі ұлттық валюта бағамының күрт әлсіреуін (-13,7%) және экспорттың өсуін *(+31,3%)* айта кеткен жөн. **ОТӨ үлесі** 7,9 п.т. ұлғайды және **13,2**% құрады. Импорттық өнімнің үлесі 86,8% құрады.

2025 жылғы қаңтар-мамыр айларында химиялық өнім түрлері өндірісінің ең көп көлемі мынадай **облыстарда** байқалады: ШҚО (25,7%), Жамбыл (23%), Атырау (12,7%), Ақтөбе (10,6%), Қарағанды (5,1%), Ақмола (4,4%), Маңғыстау (4,1%), Павлодар (3,9%).

ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
ЯНВАРЬ-МАЙ 2025

660,8
МЛРД ТГ



109,8%
ИФО

$797,3
МЛН




ЭКСПОРТ



РЫНОК

$1 541,5
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-апрель 2025 г.





ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД. ТЕНГЕ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г.Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz